



YESSENOV
UNIVERSITY

Ш. Есенов атындағы «Каспий
технологиялар және инжиниринг
университеті» КЕАҚ директорлар
кеңесінің шешімімен
(04.12.2020 күнгі №3 хаттама)
БЕКІТІЛДІ

**«Ш. ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ " КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМНЫҢ ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТТЕРІН ІРІКТЕУ
ЖӘНЕ ТАҒАЙЫНДАУ
ТӘРТІБІ**

МАЗМҰНЫ

1	МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ САЛАСЫ	3
2	ПРЕЗИДЕНТ-РЕКТОРДЫ ІРІКТЕУ (ТАҒАЙЫНДАУ) ТӘРТІБІ	3
3	ҚҰЖАТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ	7
	ҚОСЫМША 1	8
	ҚОСЫМША 2	12
	ҚОСЫМША 3	13

1. МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1. Осы "Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының вице-президенттерін іріктеу және тағайындау тәртібі (бұдан әрі - Тәртіп) "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңына, "Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті" Коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Университет) Жарғысына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және қызмет бағыттары бойынша вице-президенттерді сайлау (тағайындау) рәсімін айқындайды.

2. ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТТЕРДІ САЙЛАУ (ТАҒАЙЫНДАУ) ТӘРТІБІ

2.1 Вице-президенттердің сандық құрамын, олардың өкілеттік мерзімін анықтау және оларды сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және тәртіптік жауапкершілікке тарту директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады.

2.2 Іріктеу келесі кезеңдерді қамтиды:

- конкурс өткізу туралы шешім қабылдау;
- конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялау;
- вице-президенттер лауазымына үміткер тұлғалардың құжаттарын қабылдау;
- вице-президенттер лауазымына үміткерлердің құжаттарын қарау, әңгімелесу өткізу және директорлар кеңесінің отырысында сайлау туралы шешім қабылдау.

2.3 Директорлар кеңесі өз отырысында университеттің вице-президенттерінің сандық құрамын айқындайды және вице-президенттер лауазымына конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды, оны өткізу шарттарын, күні мен орнын айқындайды.

Вице-президенттерді іріктеу (тағайындау) ашық конкурс (бұдан әрі – Байқау) арқылы жүзеге асырылады және мынадай кезеңдерді қамтиды:

- байқау өткізу туралы шешім қабылдау;
- байқау өткізу туралы хабарландыруды жариялау;
- вице-президенттер лауазымына үміткерлердің құжаттарын қабылдау;
- құжаттарды байқауға қатысуға жіберу туралы шешім қабылдау;
- директорлар кеңесінің отырысында вице-президенттікке үміткерлердің құжаттарын қарау;
- қызмет бағыттары бойынша вице-президенттерді директорлар кеңесінің шешімімен іріктеу (тағайындау) туралы шешім қабылдау.

2.4 Лауазымға байқау өткізу туралы шешім вице – президентті іріктеуді (тағайындауды) директорлар кеңесі қабылдайды. Директорлар кеңесі оны өткізу шарттарын, күнін және орнын айқындайды.

2.5 Университеттің вице-президенті лауазымына байқау өткізу туралы хабарландыру 1-қосымшаға сәйкес ресми бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ университеттің интернет-ресурсында конкурс өткізілетін күнге дейін бес күнтізбелік күн бұрын мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады.

2.6 Бағыттар бойынша вице-президенттер лауазымына үміткерлерді іріктеу кезіндегі негізгі талаптар:

- 1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің болуы;
- 2) тиісті салалардағы білім беру ұйымдарында және (немесе) уәкілетті органдарда басшылық лауазымдарда кемінде 3 жыл жұмыс өтілінің болуы.

2.7 Байқауға осы Тәртіпте көзделген талаптарға сәйкес келетін шетел азаматтарын қоса алғанда, барлық тілек білдірушілер қатыса алады.

2.8 Байқауға қатысу үшін корпоративтік хатшыға қағаз және электрондық нұсқада келесі құжаттар ұсынылады:

- 1) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) байқауға қатысушының куәландыратын жеке құжаттың көшірмесі;
- 3) 3x4 үлгідегі түрлі түсті суретпен 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша байқауға қатысушының қызметтік тізімі;
- 4) Даму бағдарламасы (қызмет бағыты бойынша);
- 5) білімі туралы құжаттар мен олардың қосымшаларының салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларын ұсына отырып көшірмелері:

"Болашақ" халықаралық стипендиясын иеленуші, сондай-ақ өзара тану және баламалылығы туралы халықаралық шарттардың қолдану аясына жататын Қазақстан Республикасының азаматтарына шетелдік жоғары оқу орындары, ғылыми орталықтары мен зертханалары берген білім туралы құжаттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелдік білім беру ұйымдарында алған білімі туралы құжаттарының көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган берген аталған білімі туралы құжаттарды нострификациялау немесе тану куәліктерінің көшірмелері қоса беріледі;

- "Болашақ" халықаралық стипендиясын иеленушілерге берілген білімі туралы құжаттарға "Халықаралық бағдарламалар орталығы" акционерлік қоғам берген Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша оқуды аяқтау туралы анықтаманың көшірмесі қоса беріледі;

- өзара тану және баламалылығы туралы халықаралық шарттардың қолдану аясына жататын білімі туралы құжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган берген аталған білімі туралы құжаттарды тану туралы анықтаманың көшірмелері қоса беріледі;

6) еңбек қызметін растайтын, жұмыс орны (қолданыстағы не соңғы) бойынша кадр қызметі куәландырған құжаттың көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697

болып тіркелген) Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарына сәйкес құжат тапсырғанға дейін алты айдан аспайтын уақытта берілген 086/е нысандағы денсаулығы туралы медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби - консультациялық қорытынды);;

8) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттар ұсынылатын күнге дейін бір жылдан аспайтын уақытта берілген Психоневрологиялық ұйымнан анықтама;;

9) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттар ұсынылатын күнге дейін бір жылдан аспайтын уақытта берілген Наркологиялық ұйымнан анықтама;

10) қылмыстық заңнамаға сәйкес лауазымға орналасуға тыйым салудың жоқтығын растайтын құжат.

Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда көрсетілетін қызметті алушылар 7,8,9-тармақшаларда көрсетілген құжаттарды ұсынбайды.

Байқауға қатысуға үміткер адамдар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өздерінің кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын өзге де мәліметтер) Қосымша ақпаратты бере алады.

Байқауға қатысуға үміткер осы Тәртіптің 2.6-тармағына сәйкес құжаттарды, сондай-ақ қызмет бағыттары бойынша даму бағдарламасын (бұдан әрі-бағдарлама) осы Тәртіптің 2.4-тармағында белгіленген мерзім ішінде университетке ұсынады.

2.9 Құжаттарды тапсырған тұлғаларды байқауға қатысуға жіберу туралы шешімді құжаттарды қабылдау аяқталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде директорлар кеңесінің бекітілген шешімін Конкурстық комиссия қабылдайды. Байқауға қатысуға жіберілген тұлғалардың тізімі барлық құжаттарымен бірге директорлар кеңесінің корпоративтік хатшысына жіберіледі.

2.10 Байқауға қатысуға келесі тұлғалар жіберілмейді:

- 1) жиырма бес жастан кіші;
- 2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- 3) жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы бар адамдар;
- 4) медициналық арнайы мекемелерде есепте тұрған адамдар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

2.11 Байқауға қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттары, сондай-ақ үміткерлер ұсынған даму бағдарламалары директорлар кеңесінің отырысында жеті жұмыс күні ішінде қаралады.

Үміткердің директорлар кеңесінің отырысына қатысуы міндетті болып табылады.

2.12 Корпоративтік хатшы:

1) байқау өткізу туралы хабарландыруды жариялауды қамтамасыз етеді;

2) директорлар кеңесінің отырысында қарау үшін құжаттарды дайындауды жүзеге асырады;

3) бейнеконференцбайланыс арқылы байқауға қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттарын қарау бойынша директорлар кеңесінің отырысын өткізуді қамтамасыз етеді (қажет болған жағдайда), отырыстың барысын бейнетіркеуді жүзеге асырады, бейне - жазбаны электрондық жеткізгіште сақтауды қамтамасыз етеді;

4) бағдарламалар/қосымшалар арқылы немесе дауыс берудің құпиялылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін өзге де электрондық тәсілмен жасырын дауыс беруді өткізуді қамтамасыз етеді.

2.13 Директорлар кеңесінің отырысы ДК мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі отырысқа қатысқан кезде заңды деп есептеледі.

Үміткерлер Директорлар кеңесінің отырысына қатысуы міндетті болып табылады.

2.14 бейнеконференцбайланыс (бұдан әрі-БКБ) режимінде вице - президенттер лауазымына конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттарын қарау бойынша Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге жол беріледі.

2.15 Директорлар кеңесі даму бағдарламасын қарағаннан кейін жасырын дауыс беру арқылы және кемінде үштен екісінің даусымен вице-президенттің кандидатурасын айқындайды.

2.16 вице-президент лауазымына конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттарын қарау бойынша Директорлар кеңесінің отырысы БКБ режимінде өткізілген жағдайда, дауыс беру бағдарламалар/қосымшалар арқылы немесе дауыс берудің құпиялылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін өзге де электрондық тәсілмен жүзеге асырылады.

Үміткердің жоғары оқу орындарында және/немесе білім беруді басқару органдарында басшы лауазымдарындағы жұмыс өтілі, ғылыми дәрежесінің және/немесе МВА дәрежесінің және/немесе "Болашақ" бағдарламасы бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің болуы өзге тең жағдайларда вице-президент лауазымына кандидатты ұсыну үшін басым негіз болып табылады.

Байқау комиссияның материалдары, директорлар кеңесінің оң қорытындысын алған конкурсқа қатысушылардың құжаттары, сондай-ақ конкурстық іріктеуден өтпеген тұлғалардың қызметтік тізімі, өтініші мен құжаттары корпоративтік хатшыда сақталады.

2.17 Әңгімелесу қорытындысы бойынша директорлар кеңесі вице-президенттерді іріктеу, олардың өкілеттік мерзімі, бірақ 3 жылдан аспайтын мерзім туралы шешім қабылдайды.

3. ҚҰЖАТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ

3.1. Осы тәртіп Қоғамның директорлар кеңесінің шешімімен оның күші жойылғанға дейін күшіне енеді және қолданылады.

Қосымша 1

«Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының директорлар кеңесі Манғыстау облысы, Ақтау қаласы, 32 шағынаудан мекенжайында орналасқан «Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының академиялық қызмет бойынша вице-президенты бос лауазымына конкурс жариялайды.

Қызметтің негізгі мәні университеттің және жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің оқу-әдістемелік жұмысына басшылық ету, университеттің ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастыру, жетекшілік ететін бөлімшелердің оқу және оқу-әдістемелік қызметі бойынша нормативтік құжаттарды дайындауға басшылық ету және орындалуын бақылау, техника мен технологияның ең жаңа жетістіктерін, білім берудегі отандық және шетелдік тәжірибені пайдалану негізінде ЖОО басқаруды ұйымдастыру болып табылады.

Қызметтің негізгі мақсаты жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында білім беру қызметтерін ұсыну болып табылады.

Қызметтің ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу, оқыту, сондай-ақ ғылыми әлеуетті дамыту және әзірлемелерді коммерцияландыру үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің болуы; тиісті салалардағы білім беру ұйымдарында және (немесе) уәкілетті органдарда басшылық лауазымдарда кемінде 3 жыл жұмыс өтілінің болуы.

Байқауға келесі тұлғалар жіберілмейді:

- 1) жиырма бес жастан кіші;
- 2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- 3) жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы бар адамдар;
- 4) медициналық арнайы мекемелерде есепте тұрған адамдар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

Конкурсқа қатысу үшін уәкілетті органға келесі құжаттар қағаз және электрондық түрде ұсынылады:

- 1) нысан бойынша өтініш;
- 2) конкурсқа қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) 3x4 үлгідегі түрлі түсті суретпен 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысушының қызметтік тізімі;
- 4) жоғары оқу орнын дамыту бағдарламасы;
- 5) білімі туралы құжаттар мен олардың қосымшаларын салыстырып тексеру үшін көшірмелеріне қоса түпнұсқаларын ұсыну
- 6) жұмыс орны (қолданыстағы не соңғы) бойынша кадр қызметі куәландырған еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 7) № 086/у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды);
- 8) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттар ұсынылатын күнге дейін бір жылдан аспайтын уақытта берілген психоневрологиялық ұйымнан анықтама;
- 9) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттар ұсынылатын күнге дейін бір жылдан аспайтын уақытта берілген наркологиялық ұйымнан анықтама;
- 10) қылмыстық заңнамаға сәйкес лауазымға орналасуға тыйым салудың жоқтығын растайтын құжат.

Кандидаттың жоғары оқу орындарында және/немесе білім беруді басқару органдарында басшы лауазымдарындағы жұмыс өтілі, ғылыми дәрежесінің және/немесе МВА дәрежесінің және/немесе "Болашақ" бағдарламасы бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің болуы өзге тең жағдайларда, академиялық қызмет жөніндегі вице-президент лауазымына кандидатты ұсыну үшін басым негіз болып табылады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру жарияланған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі.

Байқаудың өтетін күні мен орны қосымша хабарланады. Жоғарыда көрсетілген құжаттарды белгіленген мерзімде корпоративтік хатшыға жеткізу керек: Ақтау қаласы, 32 шағын аудан, №13-8 кабинет, телефон: 8 (7292) 788-788 (226).

«Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының директорлар кеңесі Манғыстау облысы, Ақтау қаласы, 32 шағынаудан мекенжайында орналасқан «Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының атқарушы вице-президент лауазымына конкурс жариялайды.

Қызметтің негізгі мәні - университеттің қаржы-шаруашылық және әкімшілік қызметінің ағымдағы және перспективалық жоспарлауын ұйымдастыру, университеттің орта мерзімді кезеңге арналған бюджетті қалыптастыру, инвестициялық қызметін үйлестіру, еңбекті басқару мен ұйымдастырудың прогрессивті нысандарын пайдалану, жоғары оқу орнының материалдық және техникалық ресурстарын жұмсау мен ұтымды пайдаланудың негізделген нормаларын пайдалану негізінде жоғары оқу орнын басқаруды ұйымдастыру болып табылады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің болуы; тиісті салалардағы білім беру ұйымдарында және (немесе) уәкілетті органдарда басшылық лауазымдарда кемінде 3 жыл жұмыс өтілінің болуы.

Байқауға келесі тұлғалар жіберілмейді:

- 1) жиырма бес жастан кіші;
- 2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- 3) жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы бар адамдар;
- 4) медициналық арнайы мекемелерде есепте тұрған адамдар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

Конкурсқа қатысу үшін уәкілетті органға келесі құжаттар қағаз және электрондық түрде ұсынылады:

- 1) нысан бойынша өтініш;
- 2) конкурсқа қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) 3x4 үлгідегі түрлі түсті суретпен 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысушының қызметтік тізімі;
- 4) жоғары оқу орнын дамыту бағдарламасы;
- 5) білімі туралы құжаттар мен олардың қосымшаларын салыстырып тексеру үшін көшірмелеріне қоса түпнұсқаларын ұсыну
- 6) жұмыс орны (қолданыстағы не соңғы) бойынша кадр қызметі куәландырған еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 7) № 086/у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды);
- 8) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттар ұсынылатын күнге дейін бір жылдан аспайтын уақытта берілген психоневрологиялық ұйымнан анықтама;
- 9) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттар ұсынылатын күнге дейін бір жылдан аспайтын уақытта берілген наркологиялық ұйымнан анықтама;
- 10) қылмыстық заңнамаға сәйкес лауазымға орналасуға тыйым салудың жоқтығын растайтын құжат.

Кандидаттың жоғары оқу орындарында және/немесе білім беруді басқару органдарында басшы лауазымдарындағы жұмыс өтілі, ғылыми дәрежесінің және/немесе MBA дәрежесінің және/немесе "Болашақ" бағдарламасы бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің болуы өзге тең жағдайларда, атқарушы вице-президент лауазымына кандидатты ұсыну үшін басым негіз болып табылады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру жарияланған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі.

Байқаудың өтетін күні мен орны қосымша хабарланады. Жоғарыда көрсетілген құжаттарды белгіленген мерзімде корпоративтік хатшыға жеткізу керек: Ақтау қаласы, 32 шағын аудан, №13-8 кабинет, телефон: 8 (7292) 788-788 (226).

«Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының директорлар кеңесі Манғыстау облысы, Ақтау қаласы, 32 шағынаудан мекенжайында орналасқан «Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының зерттеу және даму жөніндегі вице-президент лауазымына конкурс жариялайды.

Қызметінің негізгі мәні - университеттің ғылыми-зерттеу қызметіне және жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелерге нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес басшылық ету, халықаралық, аймақтық, қалаішілік ғылыми байланыстарды кеңейту, университеттің стратегиялық дамуы бойынша жұмыстарды ұйымдастыру, университеттің ғылыми-зерттеу қызметін жүргізу үшін барлық қажетті құжаттаманы дайындауға басшылық ету және бақылау, еңбекті басқару мен ұйымдастырудың прогрессивті нысандарын, жоғары оқу орнының материалдық және техникалық ресурстарын жұмсау мен ұтымды пайдаланудың негізделген нормаларын пайдалану негізінде жоғары оқу орнын басқаруды ұйымдастыру болып табылады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің болуы; тиісті салалардағы білім беру ұйымдарында және (немесе) уәкілетті органдарда басшылық лауазымдарда кемінде 3 жыл жұмыс өтілінің болуы.

Байқауға келесі тұлғалар жіберілмейді:

- 1) жиырма бес жастан кіші;
- 2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- 3) жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы бар адамдар;
- 4) медициналық арнайы мекемелерде есепте тұрған адамдар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

Конкурсқа қатысу үшін уәкілетті органға келесі құжаттар қағаз және электрондық түрде ұсынылады:

- 1) нысан бойынша өтініш;
- 2) конкурсқа қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) 3x4 үлгідегі түрлі түсті суретпен 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысушының қызметтік тізімі;
- 4) жоғары оқу орнын дамыту бағдарламасы;
- 5) білімі туралы құжаттар мен олардың қосымшаларын салыстырып тексеру үшін көшірмелеріне қоса түпнұсқаларын ұсыну
- 6) жұмыс орны (қолданыстағы не соңғы) бойынша кадр қызметі куәландырған еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 7) № 086/у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды);
- 8) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттар ұсынылатын күнге дейін бір жылдан аспайтын уақытта берілген психоневрологиялық ұйымнан анықтама;
- 9) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттар ұсынылатын күнге дейін бір жылдан аспайтын уақытта берілген наркологиялық ұйымнан анықтама;
- 10) қылмыстық заңнамаға сәйкес лауазымға орналасуға тыйым салудың жоқтығын растайтын құжат.

Кандидаттың жоғары оқу орындарында және/немесе білім беруді басқару органдарында басшы лауазымдарындағы жұмыс өтілі, ғылыми дәрежесінің және/немесе MBA дәрежесінің және/немесе "Болашақ" бағдарламасы бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің болуы өзге тең жағдайларда, зерттеу және даму жөніндегі вице-президент лауазымына кандидатты ұсыну үшін басым негіз болып табылады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру жарияланған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі.

Байқаудың өтетін күні мен орны қосымша хабарланады. Жоғарыда көрсетілген құжаттарды белгіленген мерзімде корпоративтік хатшыға жеткізу керек: Ақтау қаласы, 32 шағын аудан, №13-8 кабинет, телефон: 8 (7292) 788-788 (226).

«Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының директорлар кеңесі Манғыстау облысы, Ақтау қаласы, 32 шағынаудан мекенжайында орналасқан «Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының студенттік істер және қоғаммен байланыс жөніндегі вице-президент лауазымына конкурс жариялайды.

Қызметтің негізгі мәні университеттің және жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес әлеуметтік-тәрбие қызметіне басшылық жасау, білім алушылармен жұмысты тиімді ұйымдастыруды қамтамасыз ету, тұлғаны тәрбиелеу мен қалыптастырудың жаңа тәсілдерін жасақтау және енгізу, құрылымдық бөлімшелердің қызметін ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастыру, студенттермен іс-шараларды өткізу үшін барлық қажетті құжаттаманы дайындауға басшылық ету және бақылау, университет пен жұртшылық арасында өзара тиімді, үйлесімді қарым-қатынас орнатуға бағытталған жұмыстарды ұйымдастыру, кәсіби білімді пайдалану және дамыту жөніндегі шараларды қамтамасыз ету.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің болуы; тиісті салалардағы білім беру ұйымдарында және (немесе) уәкілетті органдарда басшылық лауазымдарда кемінде 3 жыл жұмыс өтілінің болуы.

Байқауға келесі тұлғалар жіберілмейді:

- 1) жиырма бес жастан кіші;
- 2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- 3) жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы бар адамдар;
- 4) медициналық арнайы мекемелерде есепте тұрған адамдар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

Конкурсқа қатысу үшін уәкілетті органға келесі құжаттар қағаз және электрондық түрде ұсынылады:

- 1) нысан бойынша өтініш;
- 2) конкурсқа қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) 3x4 үлгідегі түрлі түсті суретпен 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысушының қызметтік тізімі;
- 4) жоғары оқу орнын дамыту бағдарламасы;
- 5) білімі туралы құжаттар мен олардың қосымшаларын салыстырып тексеру үшін көшірмелеріне қоса түпнұсқаларын ұсыну
- 6) жұмыс орны (қолданыстағы не соңғы) бойынша кадр қызметі куәландырған еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 7) № 086/у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды);
- 8) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттар ұсынылатын күнге дейін бір жылдан аспайтын уақытта берілген психоневрологиялық ұйымнан анықтама;
- 9) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттар ұсынылатын күнге дейін бір жылдан аспайтын уақытта берілген наркологиялық ұйымнан анықтама;
- 10) қылмыстық заңнамаға сәйкес лауазымға орналасуға тыйым салудың жоқтығын растайтын құжат.

Кандидаттың жоғары оқу орындарында және/немесе білім беруді басқару органдарында басшы лауазымдарындағы жұмыс өтілі, ғылыми дәрежесінің және/немесе MBA дәрежесінің және/немесе "Болашақ" бағдарламасы бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің болуы өзге тең жағдайларда, студенттік істер және қоғаммен байланыс жөніндегі вице-президент лауазымына кандидатты ұсыну үшін басым негіз болып табылады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру жарияланған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі.

Байқаудың өтетін күні мен орны қосымша хабарланады.

Жоғарыда көрсетілген құжаттарды белгіленген мерзімде корпоративтік хатшыға жеткізу керек: Ақтау қаласы, 32 шағын аудан, №13-8 кабинет, телефон: 8 (7292) 788-788 (226).

«Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының директорлар кеңесінің төрағасына

ӨТІНІШ

Мені (АТҚАРУШЫ, АКАДЕМИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР, ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ДАМУ, СТУДЕНТТІК ІСТЕР ЖӘНЕ ҚОҒАММЕН БАЙЛАНЫС) жөніндегі вице-президенттің бос лауазымы конкурсына қатысуға жіберуіңізді сұраймын.

Директорлар кеңесінің вице-президент лауазымына іріктеу және тағайындау тәртібінің негізгі талаптарымен таныстым, олармен келісемін және орындауға міндеттеме аламын.

Ұсынылған құжаттардың түпнұсқалығына жауап беремін.

Қоса беріліп отырған құжаттар:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____

Мекен-жайы және байланыс телефоны _____

(қолы)

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

« ____ » _____ 20__ ж.

«Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының вице-президент лауазымына
үміткердің

ҚЫЗМЕТТІК ТІЗІМІ

тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда) _____

ЖЕКЕ МӘЛІМЕТТЕР

1. Туған күні және жері
2. Ұлты (қалауы бойынша)
3. Оқу орнын бітірген жылы және оның атауы
4. Мамандығы бойынша біліктілігі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы (болған жағдайда)
5. Шетел тілдерін білуі
6. Мемлекеттік наградалары, құрметті атақтары (болған жағдайда)
7. Дипломатиялық дәрежесі, әскери, арнайы атақтары, сыныптық шені (болған жағдайда)
8. Жаза түрі, оны тағайындау күні мен негізі (болған жағдайда)
9. Соңғы үш жылдағы қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау күні мен нәтижесі, егер үш жылдан кем жұмыс істеген жағдайда, нақты жұмыс істеген кезеңіндегі бағасы көрсетіледі (мемлекеттік әкімшілік қызметшілер толтырады)

10. ЕҢБЕК ЖОЛЫ

Қызметі, жұмыс орны, мекеменің орналасқан жері _____
қабылданған күні _____
босатылған күні _____

Үміткердің қолы _____

Толтырған күні _____

